

Қазақстан экономикасының инновациялық даму мәселелері және инновациялық қызметті қолдаудың шетелдік тәжірибесі

Қазақстан экономикасының болашақта дамуы инновациялық экономиканың қалыптасуымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде инновациялық экономика түсінігі болуына қарамастан, қазіргі кезге дейін оның құрылымы көп зерттелген жоқ. Қазақстан соңғы жылдары экономикалық түрленге байланысты бірталай жетістіктерге жетті. Бірақ экономиканың қарқынды дамуына инновациялық фактордың қатысы төмен екенің одан басқа БҰҰ-ның тізімінде еліміз жоғарғы орындарға, дәлірек айтқанда алғашқы жиырмаға енбегендігі белгілі.

Инновациялық әлеуеттің индексі бойынша Қазақстанның орналасқан орны межеден төмен. Осыған инновация жағдайы, университеттер мен бизнестің байланысы, ғылыми зерттеу институттарының сапасы, прогрессивті технологияларды өндіріске енгізу, ғалымдар мен инженерлердің озық, жаңа технологияларын өндірісте пайдалануы және потенттер жатады деп айтуымызға болады. Энергия тиімділігі деңгейі бойынша Қазақстан Республикасының экономикасы әлемде соңғы орындарды алып отыр, еліміздің өңдеуші өнеркәсібінде дәстүрлі энергия және ресурс сыйымдылығы жоғары сала: металлургия мен химия өнеркәсібі алда тұр. Ресурстардың маңыздылығы мен шикізат секторының үлесін арттырудың жаһандық трендін ескере отырып, Қазақстан экономикасында өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін ресурс тиімділігін дамытуға бағытталған шаралар, «жасыл экономикаға» көшу және ресурстық салалардан экономикалық пайданы арттыру тиіс. Дегенмен Қазақстанда соңғы жылдары осы салада қалыптасып келген жағдайлар мен инновациялық экономиканы талаптар деңгейінде дамытуға мүмкіншіліктер жасауда.

Инновация дәстүрлі факторларға емес, жаңа технологияларға берілген инвестициялардың көлеміне, ғылымның және кәсіби білім берудің даму деңгейіне акцент қойылады. Жаһандану үрдістерін ескере отырып, салалық ерекшелік қалыптастыру мен кластерлердің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін құру маңыздылығы дамыған және дамушы елдерді салалық басымдықтарды таңдауға одан сайын итермелейді. Бұл жағдайда қолдаудың жалпы жүйелік шаралары бәсекелестікті ынталандыру, қаржылық ресурстарға қол жетімділікті арттыру, технологиялық даму мен инновациялық белсенділікті қолдау сияқты салаларда өнеркәсіпті жалпы қолдауға бағытталған. Индустриялық даму шеңберінде Қазақстан Республикасында басым секторларды дамыту мен барлық өнеркәсіп үшін қызмет жағдайларын жақсарту арасындағы теңгерімділікті қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық белсенділіктің 2012 жылғы негізгі көрсеткіштері төменгі кестеде келтірілген.

Өндірістік инновациялық белсенділіктің 2012 жылғы негізгі көрсеткіштері[1]

Категориялар	Үлесі
Өнімдік және үдерістік инновациясы бар кәсіпорындар саны	1215
Өнімдік және үдерістік инновациялар бойынша инновациясындағы белсенділік деңгейі	5,7 %
Инновацияның барлық түрлері бойынша инновациясы бар кәсіпорындар бірлік	1622
Инновацияның барлық түрлері есепке алғандағы инновациясындағы белсенділік деңгейі	7,6 %
Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық бөлімшелердің саны	1 015

«Шетелдік инвесторлардың еліміздің шикізат қорын қолдануы үшін, жаңа технологиялы кәсіпорындар салуы тиіс», – делінген Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясында, дәл осындай тәжірибені Қытай мемлекеті ойын ережесін жиі өзгерту арқылы, өте тиімді қолдануда. Халықаралық ғылыми-техникалық серіктестіктің әр ел үшін инновацияны дамытуда перспективасы мен маңыздылығы зор. Мысалы ТМД-ға мүше елдердің бірлесе қимыл-әрекет жасағаны орынды, себебі инновациялық даму деңгейі шамалас.

Осы саланы шет елдермен салыстырғанда 2012 жылы Қазақстанның инновациялық белсенділік деңгейі 5,7% болса, АҚШ-та 50%, Түркияда – 33%, Венгрияда – 47%, Эстонияда – 36%, Ресейде – 9,1%-ға тен. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін факторы ретіндегі инновациялардың маңыздылығы күмәнсіз. Ұлттық экономиканың бәсекелестікке қабілеттілігінің стратегиясын құрастыру және оның болашақ қызмет етуі инновацияларды кеңінен пайдалану және инвестицияларды адами капиталға, ғылымға, білім беруге, денсаулық сақтауға бағыттау тұрғысынан қарастырылған. [2]

Бүгінде электрондық әлемде беделді орын алып отырған Жапония, Қытай ғылыми-техникалық саясатты ұтымды жүргізу нәтижесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сондықтан да ғылыми-техникалық саясат мәселесін толыққанды зерттеу, бұл саясаттың шет елдерде жүзеге асырылу тәжірибесімен танысу Қазақстан сияқты жас, ғылыми, өндірістік әлеуеті жоғары мемлекет үшін маңызды болып табылады.

Жаңа индустриалды елдер, Жапонияны қоса алғанда АҚШ-тың ішкі рыногында автокөліктің және электронды техниканың 30%-ға жуығын, тоқыма және тігін өнімдерінің 50%-ын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар осы елдердің экономикалық дамуында ТҰК-дың алатын орны ерекше. БҰҰ-ның сарапшылары оларды «әлемдік рыноктың қозғаушылары» деп атаған. 1990 жылы әлемде 40 мыңнан астам ТҰК, 250 мың еншілес компаниялары құрылған. Олар өнеркәсіптік өндірістің 40%-ын және әлемдік сауданың жартысынан көбін бақылайды, 500 ТҰК электроника және химия өндірісінің 80%-ын, фармацевтиканың 95%-ын, машина құрастырудың 76%-ын жүзеге асырады.

Іс жүзінде ғылыми зерттеулер мен инновациялық процестерді мемлекеттік қолдаудың негізгі кең тараған үш әдісі бар:

1. Ғылыми зерттеулерге мемлекеттің тікелей қатысуы.
2. Қайтарымсыз негізде мемлекеттік субсидиялар бөлу.
3. Ғылыми-техникалық зерттеулер мен тәжірибе жүргізуге инвестиция бөлінген жеке бизнеске салықтық жеңілдіктер ұсыну.

Қорыта келгенде Қазақстанда заманауи өнеркәсіптік саясаттың негіздері қалыптасты, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және шикізаттық емес секторға инвестиция тарту есебінен экономиканы әртараптандыру басталды. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, ғылыми-техникалық әлеует кез-келген мемлекеттің өркендеуінің кепілі. Қазақстан экономикасының инновациялық бағыттылығын арттыруда инновациялық даму саясатын сәтті жүзеге асырып жатқан елдердің тәжірибесін пайдаланудың маңызы зор. Дегенмен, ол тәжірибені елдің экономикалық, ғылыми-техникалық, табиғи-климаттық ерекшеліктеріне қарай таңдаған дұрыс. Дамыған елдердің инновациялық саясатын, негізгі ынталандыру шараларын зерттеп, соған қарай инновациялық үдерістерді жүзеге асыру шараларын тиімді қолдау және ынталандыру жүйесінің қазақстандық үлгісін қалыптастыру тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. Ғылым, инновация, ақпараттық қоғам Астана. www.stat.gov.kz
2. Тұрғынбаева А.Н. Модель «открытых инноваций» в национальном контексте. // В монографии «Инновационные тренды экономики Казахстана». - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 199 с. (с.40-48)
3. Анализ экономического потенциала. // Казахстан спектр 2003/3. стр. 61. <http://www.innovbusiness.ru>

Түйін

Мақалада Қазақстан экономикасының инновациялық секторын дамытудың жаңа үрдістері қарастырылып, аталған саланың жаһандық технологиялық кеңістікке ену бағыттары, сондай-ақ Жапония, Оңтүстік Корея секілді елдердің инновациялық қызметтерді қалыптастыру мен дамыту тәжірибесі талданады.

Резюме

В статье раскрываются новые тенденции развития инновационного сектора экономики Казахстана и освещаются направления включения данной отрасли в глобальное технологическое пространство, а также опыт формирования и развития инновационной деятельности таких государств как Япония, Южная Корея.

Summary

The article reveals new trends in innovative sectors of the economy of Kazakhstan, and highlights areas enable this industry to the global technological space, the experience of the formation and development of innovation nations such as Japan, South Korea.